

**ЖШС «Нұр-Тілең» балабақшасында 2023-2024 оқу жылында откізілетін
педагогикалық кеңестер**

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары	Мерзімі	Жауаптыла р
1.	<p>1. Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары»</p> <p>1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.</p> <p>2. Педагогикалық ұжымды 2023-2024 оқу жылдарын өткізу, бекіту.</p> <p>3. Балабақша топтарындағы ағымдық құжаттар бекіту</p> <p>4. Тақырыптық тексеру нәтижесі. Топтардың жаңа оқу жыларына дайындығы.</p>	<p>Педагогикалық кеңесі №1</p> <p>Тамыз</p> <p>Ұйымдастыру</p>	<p>Менгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p>
2.	<p>1. №1 пед кеңестің шешімі</p> <p>2. Кешенді бақылау нәтижесі:</p> <p>Дағдылары бойынша үйымдастырылған іс-әрекеттердің талапқа сай ұйымдастырылуы</p> <p>3. Баяндама</p> <p>Бала тәрбиеціндегі үлттық ойындардың маңызы</p> <p>Тәрбиеші: Қоқашова Г.К.</p>	<p>Педагогикалық кеңесі №2</p> <p>Қараша</p>	<p>Менгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p>
3.	<p>1. №2 пед кеңестің шешімі</p> <p>2. Салыстырмалы бақылау нәтижесі:</p> <p>2.1 1 жартыжылдықтағы аралық мониторингтің қорытындысы</p> <p>3. Мәлімдеме</p> <p>Үстел үсті ойындарының бала дамуына маңызы</p> <p>Тәрбиеші: Исаева Қ.Т</p>	<p>Педагогикалық кеңесі № 3</p> <p>Қантар</p>	<p>Менгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p>
4.	<p>1. №3 пед кеңес шешімі</p> <p>2. Тақырыптық бақылау қорытындысы.</p> <p>Ұйқы ашар жаттыгуларының талапқа сай үйымдастырылуы</p> <p>3Мәлімдеме</p> <p>Серуеннің бала өміріндегі маңызы</p> <p>Тәрбиеші: Амангожина А.А</p> <p>4. Тренингтік жаттығу психолог</p>	<p>Педагогикалық кеңесі № 4</p> <p>Наурыз</p>	<p>Менгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p>
5.	<p>1. №4 пед кеңес шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2. Кешенді бақылау қорытындысы</p> <p>II жартыжылдық бойынша мониторинг қорытындысы</p> <p>Жедел бақылау</p> <p>Мониторинг-бала дамуының көрсеткіші</p> <p>3. 2023-2024 оқу жылындағы жұмысты талдау</p> <p>4. Тәрбиешілер мен мамандардың оқу жылы жүргізген жұмысы жөніндегі есептері.</p> <p>5. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспарын бекіту.</p>	<p>Педагогикалық кеңесі № 5</p> <p>Мамыр</p>	<p>Менгеруші</p> <p>Әдіскер</p> <p>Тәрбиешілер</p>

Педагогикалық кеңес

Хаттама №1

29.08.2023ж

Катысқаны:6

Катыспағаны:3

Күн тәртібінде

Жаңа оку жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары.

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытынды есебі.

2. Педагогикалық ұжымжы 2023-2024 оку жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту.

3. Балабақша топтарындағы ағымдық құжаттарды бекіту.

4. Тақырыптық тексеру нәтижесі. Топтардың жаңа оку жылына дайындығы.

Тыңдалды

Барлық топтардың жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмысының қорытынды есебі берілді. Барлық топтар жоспарланған жоспар бойынша сауықтыру-шынықтыру іс-шараларын өз мәнінде өткізді деп менгеруші Бекмурзина Гульнара Жақсылыққызы сөз бастады. Сонымен қатар барлық педагогтарды жаңа оку жылымен құттықтады. Жаңа оку жылын жаңа қарқынмен, жаңа бағытпен бастайтындарын айтты. Биылғы оку жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектеке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқытудың үлгілік оку жоспарын бекіту туралы»

2022 жыл 9 Қыркүйек №394 бұйрығын негізге аламыз. Балалар 10,5 сағат бойы білім мен тәрбиемен сусындарды, биылғы. Топтарда заттық дамытушы ортаны толықтыруымыз қажет. Биылғы оку жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырыздар, енді екінші мәселе бойынша балабақша бойынша ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары циклограмма мен перспектива бекітілсін.

Келесі мәселе бойынша тақырыптық тексеру нәтижесі бойынша бақылау жүргізілді. Топтардың санитарлық жағдайы, тәрбиешілердің барлық іс-қағаздары тексеріліп бағаланды.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының нәтижесі жақсы деп бағалансын
2. Оку тәрбие жұмыстары стандарт талаптарына сәйкес әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.
3. Топ құжаттары бекітілсін.

Такырыптың бакылау бойынша топтардың жаңа оқу жылына жақсы деп
загалансын, айтылған кеңестерді қолға алып, жүзеге асырылсын.

Кеңестерайымы

Г.Ж.Бекмурзина

Хатыны

А.А.Амангожина



Педагогикалық кеңес

Хаттама №2

29.11.2023ж

Қатысқаны:8

Қатыспағаны:1

Күн тәртібінде

1.№1 Педагогикалық кеңестің шешімі

2.Кешенді бақылау нәтижелері.

Дағдылары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің талапқа сай ұйымдастырылуы.

3.Баяндама

Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы

Тәрбиеші:Г.Қ.Қоқашова

Тындалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Ж.Бекмурзина сөз алып бірінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Бірінші педагогикалық кеңес бойынша барлық тапсырмалар,өз уақытында орындалды.

Екінші мәселе бойынша топтарда дағдылары бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттердің талапқа сай ұйымдастырылуы бақыланды. Физикалық дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекеттерін дамыту және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері бақыланып, қорытындыланды. «Айгөлек» ересек топ тәрбиешілері Қоқашова

Гұлайым мен Амангожина Асемнің дағдылар бойынша үіә талапқа сай орындалып, жиынтық ұпайлары 25 ұпайды құрады. «Бәйтерек» ортаңғы топ тәрбиешілері Исаева Құралай мен Ембергенова Аиданың да үіә дағдылары талапқа сай ұйымдастырылды. Коммуникативтік дағдылар бойынша қосымша тапсырмалар берілді, жиынтық ұпайлары 25 ұпайды құрады. «Балбөбек» кіші топ тәрбиешілері Шаштыбаева Клара мен Кетебаева Жанарғұлдің бес дағдылар бойынша үіә бақыланды, балалармен көп жасау керек дағдылар бойынша, сөздік қорларын байытуға, физикалық дамыту бойынша да жұмыстар жүргізу керек екендігі ескертілді. Жалпы балалар педагогтың айтқанын орындаі алады. Жиынтық ұпайлары 20 ұпайды құрады.

Үшінші мәселе бойынша бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы.
Тәрбиеші:Г.Қ.Қоқашова

Ойын дегеніміз үшкін, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты. Міне, ойын дегеніміз – тынысын кең алысқа меізейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Мектеп жасына дейінгі жас үрпақтың қалыптасуына әсер ететін фактордың бірі, дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, міnez-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тәрбие құралы деп санаған.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлею», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лактырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертенгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабактас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама бойынша арнайы өтілетін тақырыптық тәрбие сәттерінің арасында әуелі дене сергіту, жұмыс соңында ырғакты қимыл – қозғалыс ойындарын өткізу көзделеді.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, ұлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сініріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге — құрмет, кішіге — қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор мәселелерді «Қалай айтуды білесін?» ойынның өзі балалардың құлағына құйып береді.

Ойынды ойнау барысында балалардың жас ерекшілігі ескеріледі. Эр түрлі ойынның өтілу барысында, оның ережесін сақтап, яғни З кезеңнен тұратынын ескеруіміз керек: ойынды өткізер алдындағы дайындық жұмыс; ойынның басталуы мен ойналу барысы; ойынның аяқталуы.

Дене шынықтыру іс әрекетінде мазмұны негізінен қимылды, ұлттық ойындардан тұрады. Ойын кезінде жасалатын қимыл-қозғалыстар балалардың ептілік, шапшаңдық, күштілік, батылдық, төзімділік қабілеттерін дамытады. Денсаулығын нығайтып, ақыл – ойын өсіреді. Ойын барысында балалар бір-бірімен жақын араласып, тату, үйымшыл болып өседі.

Сонымен бірге ойын ойнау негізінде бала:

- көңілді болып жақсы демалады;
- денесі қимылдап, бойы сергиді, миы тынығады;

- ойынга қатысушылар бір-бірін тез түсінеді, ұйымшылдыққа үйренеді. Ойынды ойнату мен үйретудің мақсаты:
- ұлттық ойындар деңе шынықтыру оқу қызметтерінде кең қолдана отырып, балалардың деңе тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру;
- қазақ халқының ерлік-жауынгерлік тарихын үрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырган хас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, өз елін қорғай алатын ел жанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеу;
- жас үрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Пікір айтушылар:

Шаштыбаева Клара

Бұгінгі айтылған мәселелер бойынша әр уақыттада жұмыстаннып келеміз, әрі қарайда жауапкершілікті талап ететін жұмыста, тыңбай жұмыс жасаймыз дегім келеді. Бұгінгі әріптесіміз Қоқашова Гүлайымның баяндамасына келетін болсам, баяндама өз мәнінде жазылған. Ұлттық ойындар туралы толық аша білген, балалармен жеке жұмыстар жүргізген, баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалаймын.

Дұзбаева Тұрсынай

Қоқашова Гүлайымның баяндамасы ұнады, ұлттық ойындарды аша білді деп ойлаймын.

Қаулы

1. Кешенді бақылау нәтижелері бойынша жұмыстар қорытындылансын
2. Тәрбиеші: Г.Ж. Қоқашованың баяндамасы қанағаттанарлық деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:



Г.Ж.Бекмурзина

Хатшы:

А.А. Амангожина

Педагогикалық кеңес

Хаттама №3

18.01.2024ж

Катысқаны:8

Катыспағаны:1

Күн тәртібінде

- 1.№2 Педагогикалық кеңестің шешімі
2. Салыстырмалы бақылау нәтижелері.
Бірінші жарты жылдықтағы бастапқы мониторинг қорытындысы
3. Мәлімдеме
үстел үсті ойындарының бала дамуына маңызы
Тәрбиеші: К.Т.Исаева

Тындалды

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Г.Ж.Бекмурзина сөз алып екінші педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуын талқылады. Екінші педагогикалық кеңес бойынша барлық тапсырмалар, өз уақытында орындалды.

Екінші мәселе бойынша бірінші жарты жылдықтағы бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша үш топта физикалық дамыту бойынша олардың ішінде жоғары деңгей-34,75
олардың ішінде орташа деңгей-31,2
олардың ішінде төмен деңгей-9,05

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша

олардың ішінде жоғары деңгей-25,2
олардың ішінде орташа деңгей-31
олардың ішінде төмен деңгей-18,8

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша

олардың ішінде жоғары деңгей-21,5
олардың ішінде орташа деңгей-32,1
олардың ішінде төмен деңгей-21,4

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша олардың ішінде жоғары деңгей-25,05
олардың ішінде орташа деңгей-31,98
олардың ішінде төмен деңгей-17,97

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша олардың ішінде жоғары деңгей-29
олардың ішінде орташа деңгей-28,4
олардың ішінде төмен деңгей-17,6

бес дагды бойынша балалардың даму деңгейінің көрсеткіштері шыгарылды, осы мониторингте төмен деңгейлі балалармен кандай жұмыстар жүргіліп жатырыздар? Аралық мониторингте осы балалардың көрсеткіштері есті ме.

Ушінші мәселе бойынша

Устел үсті ойындарының бала дамуына маңызы
Мәлімдеме. Қ.Т.Исаева

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытып өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекет – устел үсті ойындары. Устел-үсті ойын арқылы бала қоршаған ортамен, еңбегімен қарым-қатынасымен танысады, ойлау қабілеттері дамытылады. Ойын үстінде балалар ойланғанда жауап беруге, қиялдауға, елеsteуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындарды балалардың есте сақтау қабілетін дамытады.

Ойын-баланың жан серігі. Қай бала болмасынанап өседі. Эрбір елдің ойыны бол елдің қоғамдық идеологиясына, тұрмыс тіршілігіне, айналысатын кәсіп шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты. Ал іс жүзінде бала үшін ойынға қатысты басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойын іске асыру онай емес. Сондықтан тәрбиешінің міндесі балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Устел үсті ойындары лото, домино, тапқырлық ойындар, пазлдар, мозайка тептес ойындар жатады. Ойын баланың жан серігі. Қай бала болмасын ойнаған өседі. Эрбір елдің ойыны бұл елдің қоғамдық идеологиясына, тұрмыс тіршілігіне айналысатын кәсіп шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты. Ойын сырттай қарағанда анауайтқандай киындығы жоқ, оп-онай тәріздес көрінуі мүмкін. Ал іс жүзінде бала үшін ойынға қатысу басқалармен тіл табысып, өзінің ойлаған ойыніске асыру онай емес. Сондықтан тәрбиешінің міндесі балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Пікір айтушылар:

Әмбергенова Аида

Бүгінгі айтылған мәселелер бойынша әр уақыттада жұмыстанып келеміз, әрі қарайда кауапкершілікті талап ететін жұмыста, тыңбай жұмыс жасаймыз дегім келеді. Бүгінгі әрпесіміз Исаева Құралайдың мәлімдемесіне келетін болсам, мәлімдеме өз мәнінде казылған. Устел үсті ойындары туралы толық мағлұмат берілген, балалармен жеке жұмыстар жүргізген, мәлімдемесі қанағаттанарлық деп бағалаймын.

Амангожина Асем

Исаева Құралайдың мәлімдемесі ұнады, устел үсті ойындары туралы толық мағлұмат алды деп ойлаймын.

Қаулы

1. Салыстырмалы бақылау нәтижелері бойынша жұмыстар қорытындылансын
2. Тәрбиеші Қ.Т.Исаеваның мәлімдемесі қанағаттанарлық деп бағалансын.



Г.Ж.Бекмурзина

Г.Ж.Бекмурзина

Хатыны:

Р.А.

А.А.Амангожина